МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ MANGISTAUMUNAIGAZ
ҚазМұнайГаз CNPC
# Мұнайлы өлке
Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады
"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті
№06 (104), шілде, 2018 жыл






# ЕЛОРДА МЕН ЕЛБАСЫ – ЕГІЗ ҰҒЫМ

**Елдігіміздің айғағы, мемлекетіміздің мәртебесі – Астанаға - 20 жыл! Тарих үшін қас қағым сәт. Бірақ өзгерістер өлшемі көз ілеспес жылдамдықпен жарысқан бүгінгі кезең үшін аз уақыт емес. Қалай болғанда да, осы уақыт өлшемінің ішінде Қазақстан халқының ерен еңбегінің нәтижесінде әлемнің атақты астаналарымен салтанат жарастырып, көркімен де, көлемімен де бой таластыра алатын қазақ жұртының жас та болса бас қаласы қалыптасты. Ұлы даланың қақ кіндігі – Сарыарқа төсінде бой көтерген арман қаланың күн санап өсіп, көркейіп келе жатқанын көргенде көңілің марқайып, мерейің өсе түседі. Мұндай мақтаныш сезімі өз тағдырын елінің болашағымен байланыстыра қарайтын әр қазақтың көкірегін кернейді...**

### Нұрсұлтан Тілембаев – құқықтық қамсыздандыру департаментінің заңгері

*- Мен Тәуелсіздік құрдасымын. Жақсыны ырым ететін халықпыз ғой. Әсіресе, дүниеге келген сәбиге атты тектен текке қоймайды. Маған Нұрсұлтан есімінің берілуі - біздің шаңырақтың Елбасыға деген құрметі мен алғысы болу керек. Ата-анам «Болмасаң да ұқсап бақ» деп Хакім Абай айтқандай, бұл есімді маған бүкіл өмір жолымда адастырмайтын Темірқазық болғай деп, жауапкершілік жүктеп ырымдаған. Себебі, адам есімінің де Киесі болады. Шойын құйған металлургтан Тәуелсіз Қазақстанның Президентіне дейінгі жолдан өткен Нұрсұлтан Әбішұлының өмірбаянына қарап бой түзесек, көштен қалмайтынымыз анық. Елбасыға тән қайрат-жігер, білім-білік, кемеңгерлік-көсемдік Нұрсұлтан есімін иеленген барлық қазақ ұлдарына жұғысты болса екен деймін.*

*Мен жаңа қоғамның өкілімін. Жаңа Қазақстан – біздің ұрпақтың тағдыры. Жасқа – жаңашылдық тән. Ал Астана – жаңа идеяның, жасампаздықтың, дүниедегі бар елмен иық теңестіруге деген қайраткерліктің дәлелі. Сырт жұрт алдымен Астанаға келеді, Астанаға қарап, бүкіл елге баға береді! Астанамыз гүлдеп, өркендеп өсе берсін. Елордамыз халқымыздың тұтастығының ынтымағының, ырысының, берекелі тірлігінің, еліміздің бейбітшілігі белгісі болып қала берсін! Мереке құтты болсын!*

### Райымбек Түзелов - «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ операторы

*Бәйтерек - Тәуелсіздік қазығындай,*
*Ақ Орда дулығалы әз ұлымдай.*
*Астана- байлығымның көрінісі.*
*Бес ғасырға жетерлік азығымдай.*

*Астана - Алашымның айт өлеңін.*
*Ел – халық Елордасыз қайтер едің?*
*Мұнайшылар су құған тамырыңа*
*Жайқалып өсе берсін Бәйтерегің.*

*Қолдадық Елбасымен бастаманы.*
*Жиырмада елестеттің жас баланы.*
*Қатайған бұғанасы ордасың ғой,*
*Ұнатты мұнайшылар Астананы.*

*Астана бар ғаламды ғашық етсін.*
*Өзіне ынтықтырып, асық етсін.*
*Тілеуін тілеп отқан Алашқа Алла.*
*Ғасыр тойын тойлауды нәсіп етсін!*

### Асылбек Жарылғапов – «Жетібаймұнайгаз» ӨБ 3-дәрежелі машинисі, ЭКСПО-2017 көрмесінің куәгері

*- Астанаға барған сапарларымның ішінде ерекше есте қалғаны - ЭКСПО-2017 бүкіләлемдік көрмесіне қатысқан сәтім. Көрмені өткізу орны ретінде Астана қаласының таңдалуы да бекер емес екен. Өйткені, Еуразия төсіндегі бұл шаһар бүгінде еліміздің мақтанышына ғана емес, әлем назарындағы қалалардың біріне айналып отыр. Астана жыл өткен сайын жаңарып, күн өткен сайын көркейіп келеді. Мұндай дүниежүзілік деңгейдегі шараны өткізу – елорданың ғана емес, елдің абыройы, Елбасының мәртебесінің асқақтағаны деп білемін. Барша мұнайшыларды Астана күні мерекесімен құттықтаймын! Еліміз өсіп, өркендей берсін!*

### Еркін Оңғалбаев – көлік департаментінің автопарк басшысы
### Айгүл Асқар – бизнесті жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің жетекші экономисі

*- Біз осыдан тура 20 жыл бұрын, яғни 1998 жылы Сарыарқа төрінде Астана жарияланған жылы шаңырақ көтердік. Биыл біздің отбасылық ғұмыр кешкенімізге жиырма жыл. Астанамен бірге жасап, өсіп-өркендеп келеміз. Біздің отауымыз да Астана сияқты осы жиырма жылда керегесі кеңіп, іргесіне ат байланатын, ағайынның басын қосатын шаңыраққа айналды. Бес бала дүниеге келіп, өнегелі тәрбие беріп отырған жайымыз бар. Осы жиырма жылда Астана қанша арманға қанат бітірсе, біздің шаңырақтан да тұңғыш ұлымыз арманының жетегінде студент атанды. Тәуелсіз Қазақстанның ертеңіне еңбек ететін жақсы азамат, білікті маман болса екен дейміз.*

*Астана Астана болғалы барып-келіп тұрамыз. Сонда әр барғанда қаланың өзгеріп кеткенін байқап, қайран қалатынымыз рас. Мұның бәрі Президентіміздің арқасы. Әйтпесе, сонау 1998 жылы ең бір оптимист деген адамдарымыздың өзі Елорданың осыншалықты өзгеріп кететіні туралы қаперіне алған жоқ еді. Міне, осындай ғажайыпты жасап отырған, жасатып отырған Президентімізге мың алғыс! Астана шын мәнінде де қазір елдің орталығына айналды, шын мәнінде де ол Қазақстанның кіндігіне айналды. Қазақстанның қазіргі тартылыс күші Астанаға қарай толық ауып бітті. Бұл біздің еліміздің келешегі кемел екенін білдіреді. Ел-жұртымыздың уыздай ұйи бастағанын байқатады. Солардың бәрі Астананың төңірегіне топтасып жатыр. Біз осыған қуанамыз. Мерекелеріңізбен!*

### Ши Чанфу – директор департамента по управлению человеческими ресурсами и социальной политике

*- Уважаемые коллеги, поздравляю вас с праздником – Днем столицы! В силу своей работы я часто бываю в Астане и каждый раз не перестаю восхищаться столицей Казахстана. За короткое время молодая столица стала динамичным и устремленным в будущее городом, с большим созидательным и творческим потенциалом. Сегодня Астана — это чудо, возникшее в степи, гордость Казахстана, восхищающая всех гостей. Поистине этот город с неповторимым архитектурным стилем стал воплощением самых смелых замыслов. Астана отличается гармонией и слиянием культур всех сторон света — Запада и Востока, Севера и Юга. Еще раз поздравляю всех вас и ваших близких с Днем столицы! Желаю вам мира, стабильности и процветания и пусть дальнейшее развитие города объединяет и вдохновляет на будущие свершения!*

*Плечом к плечу*

# НА СТРАЖЕ ИНТЕРЕСОВ ЧЕЛОВЕКА ТРУДА

**Ежегодно 10 июня в нашей стране отмечается День профсоюзов Республики Казахстан. В этом году данный праздник стал вдвойне приятным, поскольку совпал 45-летием со дня основания профсоюзов Мангистауской области.**



В честь профессионального праздника в АО «Мангистаумунайгаз» состоялось торжественное мероприятие, организованное профкомом Общества. Собравшихся поздравили председатель Отраслевого профсоюза Султан Калиев, руководитель областного профсоюза Кайрат Жанабеков, советник Правления Талгат Айдинов и председатель профсоюза Общества Таргын Мысамбаев.

- День профсоюзов Казахстана – это праздник трудящихся, - отметил Султан Калиев. – Сегодня профсоюзы играют важную роль в жизни общества, и отрадно, что все больше представителей разных специальностей вливаются в наши ряды. Это, прежде всего, показатель доверия. Я поздравляю вас с профессиональным праздником и желаю успешно трудиться на благо развития профсоюзного движения, главная цель которого - сохранение стабильности в трудовых коллективах, защита интересов человека труда, выполнение функции связующего звена между рабочими и работодателями.

От имени исполкома Отраслевого профсоюза Султан Калиев вручил награды передовикам производства, внесшим значительный вклад в укрепление социально-партнерских отношений, в развитие и укрепление профсоюзных рядов Компании. В честь дня профсоюзов РК медалью «Салалық кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» были награждены: пенсионеры - ветераны профсоюза Общества - Т.Назаралиев, Б. Демегенова, Н. Мухаметжанова, а также действующие работники профсоюза – Г.Жингилбаева и В.Гавриленко, кроме того наград удостоились члены профсоюза - руководители и работники структурных подразделений Общества – начальник ПУ «Каламкасмунайгаз» Н.Сарсенбай, начальник ПУ «Жетыбаймунайгаз» К.Буркитов, слесарь ЦПТГиЭГХ ПУ «Жетыбаймунайгаз» С.Кенжебаев. Почетным знаком «Кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» был награжден председатель первичной профсоюзной организации ПУ «Каламкасмунайгаз» Б.Куатбай.

- Награждение медалью «Салалық кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» для меня большая честь, - сказала главный бухгалтер профкома АО «Мангистаумунайгаз» Гулмира Жингилбаева. – Я работаю в профкоме Общества вот уже 28 лет, и все эти годы мы стояли на защите законных прав и интересов членов профсоюза, выступали за развитие и укрепление социального партнерства. Так уж получилось, что день профсоюзов Республики Казахстан отмечается 10 июня, а 9 июня – мой день рождения. Так что, на свой день рождения я получила незабываемый подарок!

Кроме того, председатель профкома АО «Мангистаумунайгаз» Таргын Мысамбаев вручил благодарственные письма группе работников Общества, активно участвующих в жизни профосоюза. Среди награжденных: заместитель начальника ПУ «Жетыбаймунайгаз» по социальным вопросам - Б. Дусупов, старший технолог ЦОП-1 Каламкас - П. Мирманова, старший технолог ЦОП-1 Жетыбай - М.Рабаева, слесарь-ремонтник ЦДНГ-4 ПУ «Каламкасмунайгаз» - И.Рошка, заместитель начальника УУОЗГ ПУ «Жетыбаймунайгаз» - К.Естеков и водитель транспортного департамента - Б.Темир.

- Поздравляю всех собравшихся с профессиональным праздником и полученными наградами, - подчеркнул Таргын Мысамбаев. – Каждый из вас внес достойный вклад в дело развития и укрепления профсоюзного движения Общества. Желаю вам всего самого наилучшего – успехов в труде и семейного благополучия. Со своей стороны хочу сказать, что профсоюзы всегда отстаивали, и будут отстаивать законные права и интересы трудящихся. С праздником вас, дорогие коллеги!

*Мир вокруг нас*

# ОДНА ПЛАНЕТА – ОДНА СЕМЬЯ

**5 июня экологи Казахстана отмечают профессиональный праздник – Всемирный день охраны окружающей среды. Праздник был учрежден еще в 1972 году Генеральной ассамблеей ООН и является одним из способов привлечь внимание общественности к вопросам экологии, природоохранной деятельности, защиты флоры и фауны. Всемирный день окружающей среды – это возможность для каждого из нас проявить ответственность в сфере заботы о нашей планете и стать вестником перемен.**




В акционерном обществе «Мангистаумунайгаз» силами Департамента техники безопасности, охраны труда и охраны окружающей среды (ДТБОТиООС) на постоянной основе проводится большая работа выполнению различных природоохранных и экологических мероприятий, конечная цель которых сохранение благоприятной окружающей среды. Кроме того, руководство ДТБОТиООС принимает активные меры, чтобы стимулировать и другие подразделения компании для участия в экологических акциях и процессах. Информационная активность и вовлечение всего персонала Общества в деятельность по уменьшению экологических рисков, соблюдению объемов нормативов эмиссий и соблюдение условий природопользования – являются одними из стратегических целей АО «Мангистаумунайгаз».

В связи с этим, а также в честь профессионального праздника руководство и сотрудники ДТБОТиООС отметили структурные подразделения Общества, которые внесли наибольший вклад в дело охраны окружающей среды – ПУ «Каламкасмунайгаз» и Департамент закупок и материально-технического снабжения (ДЗМТС).

И.о. заместителя Генерального директора по производственным вопросам Чжан Чанцин, заместитель директора ДТБОТиООС И Лун, начальник ООСиПГ Жаннат Екибаева вручили руководителям ПУ «Каламкасмунайгаз» и ДЗиМТС почетные грамоты, ценные подарки и поблагодарили за эффективную работу и конструктивное сотрудничество.

- Производственное управление «Каламкасмунайгаз» с целью соблюдения экологического законодательства в части обращения с отходами производства и потребления, а также в части раздельного размещения отходов по видам и недопущения смешивания, изготовило своими силами и по своему дизайну контейнеры на каждой групповой для различных видов отходов: твердо-бытовых отходов, пластиковых бутылок, промасленной ветоши, замазученного грунта, огарков сварочных электродов, остатков теплоизоляции, - отметила Жаннат Екибаева. - Специалистами налажен учет и отчетность по обращению с отходами, на территории групповых и в цехах соблюдаются чистота и порядок. Руководство управления во всем поддерживает экологов службы ООСиПГ, соблюдает их требования, старается



соответствовать требованиям экологического законодательства, оказывает поддержку. Хочется выразить слова большой благодарности руководству и всему коллективу ПУ «Каламкасмунайгаз», пожелать больших успехов, здоровья родным и близким, и никогда не забывать беречь нашу природу.

Не менее весомый вклад в вопросы охраны окружающей среды вносит руководство и коллектив ДЗиМТС, сотрудники которого ведут грамотную и оперативную документацию в области правильного учета образующихся отходов, кроме того, территория баз хранения и склады всегда в надлежащем порядке, что подтверждают ежегодные государственные проверки Департамента экологи по Мангистауской области, по объекту СМТС - ни одного нарушения и штрафных санкций. Почетной грамотой за добросовестную работу и исполнительность при сдаче отчетности по экологии, была отмечена инженер производственной группы ДЗиМТС Айнур Шоханова.

Заместитель начальника ПУ «Каламкасмунайгаз» по социальным вопросам Мурат Батыршаев и заместитель директора ДЗиМТС Шамиль Деникаев поблагодарили коллег за оказанное доверие и заверили, что и впредь будут активно участвовать в продвижении и реализации природоохранных мероприятий и экологических акций.

Требования экологического законодательства Республики Казахстан ежегодно ужесточаются, и для приведения их в соответствие «Мангистаумунайгаз» выделяет значительные средства и уделяет особое внимание вопросам охраны окружающей среды.

Одним из актуальных вопросов в области охраны окружающей среды является накопленный «исторический» объем отходов. В 2017 году совместными усилиями ДЗиМТС, ПУ «Каламкасмунайгаз», ПУ «Жетыбаймунайгаз» и ДТБОТиООС были полностью очищены и ликвидированы площадки временного хранения металлолома на месторождениях Жетыбай и Каламкас, вывезен и утилизирован накопленный объем металлолома, очищены три полигона (ГУ-3 в ПУ «Жетыбаймунайгаз» и полигоны №№1-2 замазученного грунта в ПУ «Каламкасмунайгаз»), кроме того, очищен и ликвидирован полигон ЦППН (старый), проведена рекультивация территории и объект сдан госорганам. Работа по очистке территории месторождений от накопленных «исторических» отходов продолжается.

В АО «Мангистаумунайгаз» внедрен Международный сертификат по системе качества в области охраны окружающей среды ИСО 14001:2015, разработаны Стандарты и принята Политика. Главной целью Политики Общества в области охраны окружающей среды является минимизация экологических рисков и снижение вредного воздействия на состояние окружающей среды при разведке, оценке и разработке нефтегазовых месторождений и месторождений подземных вод на контрактных территориях компании.

**Экологическая безопасность и каждодневная забота об окружающей среде – были, есть и будут одним из неизменных приоритетов акционерного общества «Мангистаумунайгаз»!**

*28 маусым – Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлері күні*

# ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ, ҚҰЛАҒЫ һӘМ ТІЛІ...



**Ұлт Көшбасшысының Жарлығына сәйкес, 28 маусым – Байланыс және ақпарат құралдары қызметкерлері күні болып бекітілді. Осы атаулы датаға орай, жыл сайын "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы байланыс және ақпарат саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, адал қызметтері үшін алғыс айтуды дәстүрге айналдырған болатын. Компания Басқармасы биыл да өңірдегі қаламгерлердің басын қосты. Құрмет көрсетті. Жылдағыдан да жылы қарсы алған кеш, ауқымды шара болды.**





«Журналистің жегені – жантық, арқалағаны – алтын» дейді жазушы Шерхан Мұртаза. Халықтың тіршілігінен, әлеуметтік әл-ауқатынан, руханияты мен қоғам тынысынан хабар тарататын қалам иелерін кәсіби мерекесімен "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Бас директоры Бақыт Алтайұлы құттықтады:

– Құрметті байланыс және ақпарат саласының қызметкерлері! Сіздерді бүгінгі төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Қай кезеңде де елді қоғам тынысынан хабардар етіп, шынайы, нақты ақпараттарды жедел жеткізіп, кез-келген оқиғаға салиқалы да, салмақты талдау жасайтын журналистердің орны ерекше. Олардың мұнай-газ саласының дамуына өз үлестерін қосып, жағымды жаңалықтары жария қылудағы еңбектері өлшеусіз.

Сондықтан да, Компания ұжымы мен Бұқаралық ақпарат құралдары арасында ұзақ жылдардан бері қалыптасқан тығыз қарым-қатынастың біз үшін маңызы зор. Сіздердің салмақты сөздеріңіз бен салиқалы пікірлеріңіздің арқасында компанияның бүгінге дейін жеткен жетістігі паш етіліп, ел дамуына үлес қосқан ардагер мұнайшылар өмірі мен өнегесі дәріптелді, бүгінде барлық облыс, республика тұрғындары мұнайшылар өміріндегі маңызды ақпараттармен хабардар болып отыр.

Атап айтар болсақ, жергілікті «Маңғыстау», «Огни Мангистау» газеттері мен «Маңғыстау» телеарнасы, республикалық «Хабар», «31», «Казахстанская правда», «Экономика», «Егемен Қазақстан»-да 2017 жылы 159 материал жарық көрсе, 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында 50-ден астам сюжеттер мен материалдар көзі қарақты көрерменге жол тартты. Сіздердің тынымсыз кәсіптеріңізге деген адалдықтың арқасында, Қоғам Басқармасының беделі мен абыройы айқындалып, Компанияның ақпараттық саясаты қалыптасты. Жаңалықтың жаршысы, жақсылықтың хабаршысы болған ұшқыр қалам иелеріне компания ұжымы атынан алғыс айтамын, –Бұған қоса, Бақыт Алтайұлы жемісті еңбегі, жоғары кәсіби шеберлігі үшін отызға жуық журналистке Алғыс хаттар мен қаржылай сыйлықтар табыс етті.

Кездесуде сатып алу және жабдықтау департаментінің директоры Ван Юаньбяо және "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің" төрағасы Тарғын Мысамбаев та журналистерге шығармашылық табыс тіледі.

– Мереке қарсаңында еңбегімізді елеп, арнайы кездесу ұйымдастырған "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ басшыларына алғыс айтамын. Осы салада талай тар жол, тайғақ кешулерден өттік. Талай адамдармен дәмдес болдық, талай жандармен сапарлас болдық. Әсіресе, Қаламқас, Жетібай кенорындарына талай рет табан тидi. Ел қазынасына қара алтын құйған мұнайшылар өміріндегі барлық жаңалықтарды үнемі қадағалап отырамыз,– деді журналистер атынан сөз алған ардагер журналист Маңдайлы Қосымбай. Сондай-ақ «Хабар-24» телеарнасының Маңғыстау облысындағы меншікті тілшісі Тамара Степанова, «Маңғыстау-Медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директоры Сағындық Рзахметов ұзақ жылдардан бері қалыптасқан өзара әріптестік қатынас үшін "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Басқармасына шексіз алғыстарын жеткізді.

Мереке соңы теңіз жағалауындағы «Стигл» демалыс аймағындағы шараға жалғасты. Мейман болып, мерейі тасыған журналистер «жыл салып, жолыйайық» деген ақжарма тілектерімен тарқасты.

**ЖАННАТ КЕМАЛ**

*Туған күніңмен, Астана!*

# МЕРЕКЕ ҚҰРМЕТІНЕ - АЙШЫҚТЫ ШАРА

**26 маусым күні Ақтау қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты «Асар» кен орнында «Абай» атындағы өнер ордасы шығармашылық ұжымдарының мәдени кеші өтті. Көңілдерді жадыратып, аспан астын әсем әуенге толтырған шара Елордамыз – Астана қаласының 20 жылдық және Ақтау қаласының 55 жылдық мерейтойына арналды. Гастрольдік сапардың мақсаты – ел экономикасының күретамырына айналған мұнайгаз саласы қызметкерлерін өнермен сусындатып, жігерін көтеріп, рухани ләззат сыйлау.**




Алыстан ат арытып келген өнерпаздар шарасының шымылдығын Ақтау қаласы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Гүлмира Мұратқызы Қалмұратова ашты. Сондай-ақ, мұнайшыларды Ақтау қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы, бұрынғы әріптесіміз Аманжол Жөнекешұлы Қартбай құттықтады. Кезек-кезек сөз алған басшылар мұнайгаз саласының еліміздің өркендеуіне қосып жатырған зор үлесі жөнінде тоқталып, мұнайшы еңбегінің қадірі мен қасиеті туралы айтып, «жеткен жетістіктерің баянды болғай»,- деп тілек тілесті. Сонымен қатар, мұнай саласына еңбегі сіңген бірқатар әріптестерімізді Астана қаласының 20 жылдық және Ақтау қаласының 55 жылдық мерейтойына орай Ақтау қаласы әкімінің алғыс хатымен марапаттады. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының басшысы Қалмұрза Нұрбаулұлы Бүркітов өз тарапынан қала басшылығына, өнерпаздарға мұнайшылар атынан алғыс білдірді.

...Концерт шымылдығы ашылды. Сахнада көздің жауын алардай қызылды-жасылды киінген жас өнерпаздар. Бірі билеп мың бұралса, бірі «Әнші құспын өмірге құштар» деп әншілік өнерін ортаға салып жатты. Құлақтан кіріп, бойды алған әсем ән мен тәтті күй әп-сәтте құла түздегі мұнайшылар поселкесінің сән-салтанатын асырып, жұмыстан кейінгі үйреншікті көрініске жаңаша бояулар қосты. Қаракиянның



төсінде качалкалармен жағаласып, жер байлығын ел ырысына айналдырып жүрген құрыш қол мұнайшылардың көңілін көкке көтергендей болды.

Сахна сыртында, кеш қызығын қыздырып ұлттық спорт түрлерінен өткен сайыстар да көптің делебесін қыздырды. Өндірістің тасын өрге сүйреп шыныққан шымыр жігіттер асық атып, ләңгі теуіп, қол күрестіріп, гір тасын көтеріп, арқан тартысты. Табиғатынан қызу келетін азаматтар «алыспай беріспейміздің» кебін киіп, шеншекпендерін сыртқа тастап, ойынға шындап кірісіп кетті. Осы тұста жылдар бойы қалыптасқан әріптестік, бір жанұяның адамдарындай біте қайнасып кеткен ұжымның берекесіне әбден куә болдық. Бабы мен бағы қатар шапқандар суырылып алға шығып, жүлделі орындарға табан тіреді. Айтпақшы, нәзік жанды әріптестеріміз де спорттық сайыстардан шет қалмады. Білек сыбанған апаларымыз кір тасын көтеру мен қол күресінен өз ара сайысқа түсіп, жиналған жұрттың көзайымына айналды.

Марапаттау рәсімі... Естелік суреттер... Әзілі жарасқан замандастардың риясыз күлкілері... Айрандай ұйыған ұжым. Әуелеген ән мен күмбірлеген күй. Іңір түскенше ән тыңдап, білек сайыстырып, айға бергісіз көркем кештің қалай өткенін байқамай да қалдық...

Дәл осындай шара маусым айының 28 жұлдызы күні Қаламқас вахталық поселкесінде де өтті. Кенорнында әннен маржан шашылып, күйден моншақ төгілді. Спорттық сайыстар ұйымдастырылып, ұлттық болмысымыз насихатталды.

Мемлекет өміріндегі тарихи мерекенің, өлке төсіндегі ақмаржан қала Ақтаудың мерейтойларына орай мазмұнды мейрам сыйлаған Абай атындағы мәдени демалыс кешені өнерпаздарына мұнайшылар алғысы шексіз.

*Өмірбаян*

# 69 ЖЫЛДАН КЕЙІН АЙТЫЛҒАН ШЫНДЫҚ

Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері, «Маңқыстаумұнайгаз» АҚ-ның тыл ардагері Қонаев Әбдір ақсақал – ғасырға жуық ғұмырында өмірдің небір өткелектерінен өтіп, басын тауға да, тасқа да соғып, қаншама қайғы-қасірет пен тауқіметті бастан кешкен талайлы тағдыр иесі. Ол, ата-анасының айтуынша, 1927 жылы «Жұт қоянның» қысында, жылдың соңына қарай, шамамен қараша-желтоқсан айларында Маңқыстаудың белгілі билерінің бірі Тіленбайұлы Иса атасының мәңгілік мекені – Алаторпа төңірегінде дүниеге келген. Өзі де – сол Иса бидің тұқымы, руы – Бәйімбеттің ішіндегі Бес Жамбоздың бірі, «Шын аты Өтебай екен» деп айтылып жүрген Жаманқара. Анасының аты – Төре, Түркменадайдың Есембет тармағының қызы. Әбекеңнің қары әкесі Батырбек бай болған, бірақ біреудің еңбегін езіп пайдаланып, қанамаған адам екен. Алла берген дәулеті – алдындағы қойы мен жылқысының ыңғайымен, көшіп-қонатын түйесімен шаруашылығын өзі басқарып, өзі меңгеріп, өмір бойы аттан түспеген жан болыпты. «Сол кездегі үкіметтің әділдігін айтайын, кешегі «қызыл қырғында», кәмпескенің кезінде әкемнің әкесі Батырбекті «Ешкімге зияны тимеген, өз еңбегімен күнелткен жан» деп, ол кісіге тиіспепті», - дейді ақсақал. Батырбектің жеті ұл, бір қызы болған. Яғни Әбекеңнің әкесі Қонай – 8 ағайынды адам. Әке-шешесінің қоныс еткен жерлері – мына жағы Қошақтың құмы, мына жағы Ақорпа-Өжен, Құлбарақ әулиенің жатқан жері Тигеннің маңайы. Кешегі орта дәулетті, жылқылы байдың тұқымы Қонекеңнің отбасы күнелтісіне жетерлік қана уақ жандығы бар қарапайым шаруа болған.

Ұлы Отан соғысы басталған кезде ол – 13-тен 14-ке қарап тұрған жасөспірім бала. Өкімет оларды соғыс басталмай тұрып-ақ, әлі қабырғасы қатып, бұғанасы беки қоймаған 12 жасынан бастап колхоздың қара шаруасына салды. Бұлар тұратын Тұщықұдық ауылдық кеңесіне қарасты «Ақорпа» колхозында 50-60 үй бар еді. Сол кездегі Маңқыстаудағы 29 колхоздың ең үлкені Тұщықұдық болды. Ол «Бірлік күш» деп аталды. Колхоздың атқа мінер азаматтары кемшін, адамдары аз болғанмен, төрт түлік малы көп. Қой-ешкі сияқты уақ жандықтың өзі 25-30 мыңдай, түйе аздау да, 270-тей жылқысы мен сол шамалас сиыры бар. Әбдір құралпы жас жеткіншектерге сол малға шөп шаптырады, қора салдырады.

«Мен – қоғам басқарып көрмеген, бар-жоғы 4-5 кластық қана білімім бар адаммын. Оны да қарық қылып оқыған жоқпыз. Сабаққа жылына бір-екі рет қана барамыз. Шындығын айтқанда, бір жеті толық бармаймыз. Бір-екі күн оқығасын, үйге кетіп қаламыз. Үй ішіне көмектесіп, мал бағамыз. Сол кездегі Тұщықұдық орталау мектебінің директоры Байтілеуов Нұрланнан сауат аштық. Мектепке 7 жасымда барып, 11-12 жасқа дейін оқыған болдық», - дейді өзі.

Соғыс басталғанда колхоздағы сиыршылардың көбі майданға алынды. Елде қалған азғантай азаматтың бірі – әкесі Қонай ақсақал да бір жылдан соң ауырып қалғаннан кейін бала Әбдір соның орнына сиыр бағуға шықты. «Біздің Маңқыстауда сиыр деген мал әуелден аздау ғой. Колхоз ұйымдасқан кезде иә түйеңді, иә жылқыңды, әйтеуір бір қараңды алып қаласың да, қалғанын ортақтың малына қосасың. Өз малың есебінде жүнін, сүтін пайдаланасың, еңбеккүніңді аласың. Сондай жолмен халықтан жиналған мал. Кейін оған Атырау бетінен сатып әкелінген сиырлар қосылып, көбейді. Кеңес өкіметі кезінде «Мал басын 50 миллионға жеткіземіз» деген меже болып еді, бірақ оған жеткізе алмады ғой. Осылайша, мен соғыс кезінде де, соғыстан кейін де Орта Еспеден «Долгий» колхозына дейінгі аралықтағы қалың құмның ішінде сиыр бақтым», - деп әңгімесін бастады Әбекең.

Сөйтіп жүргенде, оның алдағы өмірінің арнасын күрт өзгертіп жіберген, ашық күнде төбесінен жай түскендей оқиға болды. Бұрын ұзақ жылдар бойы Тұщықұдық ауылдық кеңесінің төрағасы Нысанов Арыстанбай деген Өтеғұл еді. Соның орнына келген руы Кеще Жары кісі (белгілі бір себептерге байланысты аты-жөнін айтпай отырмыз) бір күні аудандық «Колхоз жолы» газетіне мақала береді. Ол мақалада «Тұщықұдықтың күнбатысында сиыр бағып отырған колхозшы Қонаев Әбдір немере ағасы екеуі өздерінің табынына қосылып кеткен екі сиырды жеке басының пайдасына жаратып, жеп қойған» деген мағынада әңгіме айтылыпты. Сол кез үшін бұл – үлкен қылмыс, қылмыс болғанда да нағыз көкесі болып саналады. «Ол уақытта белгілі бір лауазым иесі, қызметтегі адам автор ретінде қолын қойып, материал жарияласа болды, қазіргідей оның ақ-қарасын органдар тексеріп жатпайды, бірден қылмыс ретінде тіркеп, жазықсыз болсын-болмасын, қалайда әлгі мақалада аты аталған бейбақтың мойнына ілуге тырысады. Оның үстіне ауылдық кеңестің төрағасы деген білдей бір бастықтың жазғаны болғасын жерде мүлде талқыланбастан, сол күйінде рас болып қабылданады.

Тіркелген іс, тілге тиек етерлік бірдеңе табылғасын болды, сол кездегі «жыңғыл» десе «қырғын» деп түсінетін, «шаш ал» десе бас



алатын жалаңдаған жазалау машинасы іске қосылады. Жасы 22-ге жаңа иек артқан түбіт мұрт бозбала Әбдір Қонаев жергілікті жазалаушы заң өкілдерінің құрығына ілініп, алып машинаның астында жаншылып кете барады. Ол бізге өзін кінәсіз күйдіріп, жазықсыз жазаға тартқан адамдардың кімдер екенін аты-жөндері мен арғы тегі, ата-бабаларына дейін түгендеп, түстеп айтып берген болатын. Алайда бүгінде олардың барлығының да ұрпақтары ортамызда жүргендіктен, әкесінің жасаған жақсылы-жаманды ісі үшін баласы жауапты болмайтындықтан, ешқайсысының да атын атауды жөн көрмедік. Бірақ «Кісі ақысы қияметке кетпейді» деген бар ғой, ерте ме, кеш пе, алдағы күні ақиқат шындық айтылып, айдай әлемге жария болатыны анық.

Қанша жерден сылап-сипап, сырлап-бояп, көлемдеп-көркемдеп жазғанмен, де, бейнеті бес елі бейбақтың басынан кешкен шырғаланы мен бұраланы көп, ию-қию тағдырын дәл соның өзіндей қылып жеткізе алмасымыз анық. Сондықтан өзінің өмір тағдырының ең бір ауыр кезеңі туралы ақсақалдың өзі баяндасын.

«Ол кезде бүкіл Маңқыстаудың тең жартысының халқын соттап, итжеккен асырып құртқан бір учаскелік милиционер болды, - деп сөзін сабақтады Әбдір ақсақал. - Сол шолақ белсенді 1949 жылы жарияланған әлгі мақала бойынша «Қоғам мүлкіне қол сұқты» деген желеумен менің үстімнен іс қозғап, ешқандай дәлел-дәйексіз 8 жылға соттатып жіберді. Ол кезде жыл «тегін». Милиция мен сот ойына келген жылды кесіп, қоя береді. Сол кезде соғыстан келген, колхозда қоймашы болып істеген, руы Шалбар Әбдірахман деген жігіт бар еді. Оны да жаңағы мақалада аты аталғандықтан, оның үстіне «Бұрын да сотталған, бірдеңені бүлдірген» деген желеумен үстінен іс қозғап, колхоздың мүлкінен қара тиын жеген кінәсі жоқ болса да, адам айтса нанғысыз нәрселерді қиыннан қиыстырып, нақақтан-нақақ менімен бірдей 8 жылға соттады. Оның бар кінәсі – есеп жүргізгенде қоймадағы заттардың бірі мөлшерден сәл артық шыққандығы. Ол уақытта малдың өзі мен өнімінің есебін дәл жүргізу мүмкін емес. Отар-отар қойды қырқып жатады, оларды жаппай егіп жатады. Арасында әртүрлі аурудан мал қырылып, өліп жатады. Мыңдаған мал мен жүздеген зат, дүние-мүлік болғасын жерде сәлдекендей жерден қателік болуы мүмкін ғой.

Ол кезде, қалай екенін білмеймін, адамды «адам баласы екен» деп, елеп-ескеріп, жағдай жасамайды. Өлсең, мал ғұрлы сұрауың, құның жоқ. Сонымен не керек, учаскелік милиционер мойныма 8 жылды іліп, Таушықтың бір жеркепесіне апарып қамады. Оның іші тас қараңғы болмағанмен, алакөлеңке, жарық жөнді түспейді. Қараңғылығы сондай – тайдай талтүсте газет оқиын десең, жазуын көре алмайсың. «Повестка» бойынша өз аяғыммен, өзім келдім. Келмесең, бәрібір милиция айдап әкетеді ғой. Бір жағынан, «Өз аяғыммен, шақырған уақытында, мезгілінде барсам, жеңілдігі болар ма екен?» деген оймен, екінші жағынан, Таушықта тұратын бір-жар ағайын-туыстарыма да үміт артып, «Солар не көмек жасар екен?» деп, бірер күн ертерек келіп едім, бірақ онымнан еш қайран болмады.

Жаңағы Шалбар Әбдірахман екеуміз өзімізге кескен 8 жыл үкімге наразылық білдіріп, шағым арыз жазып, соның жауабын күтіп, әлгі жер үйде жаттық. Оның жауабы 3 айдан кейін зорға келді. Онда «Ешқандай негіз жоқ» деген шешіммен Әбдірахманның үкімі бұзылып, ол ақталып шықты. Ал «Мен ақтай күйіп бара жатырмын. Тым болмаса, істің шындығына көз жеткізіп, қайта тергеу жүргізсеңіздер екен» деген менің жанайқайым ешқайсысының жүрегін селт еткізіп, есепке алынбады. Өмірге жаңа ғана қадам басқан, алып-ұшқан албырт жас болсам да, иә қоғамға, иә колхозға, иә болмаса, жеке бір адамға деген қылдай қиянатым, бір тиын алажағым-бережағым болмаса да, жас жанымды нақақтан-нақақ күйдіріп, жаламен соттатты да жіберді. Бір офицер сол уақыттағы аудандық соттың төрағасының алдына алып барды. Прокурор да, ақтаушы (адвокат) да, талапкер де жоқ, не «көрдім-білдім» деген куә де жоқ, тек судьяның өзі отыр. Ол кездегі судьялар – Құдай да емес, Құдайдан былай да емес. Ешкімге жалтақтамастан, ештеңеге қарамастан, жалғыз өзі үкімді шығарып, ойына келген жылды кесіп, соттайды да отыра береді. Әрине, енді органның адамы болғасын, заң көп қой, соның бір тармағына сүйенетін шығар. Бірақ мен ештеңені ойымнан шығарып отырған жоқпын, бір аяғым жерде, бір аяғым көрде, 92-ге қараған шағымда имандай шынымды, көзіммен көргенімді айтып отырмын, шындығы солай. Сот маған қарап: «Соңғы сөзіңді айт», - деді. «Ай, менің соңғы сөзім жоқ. Ақтай күйіп бара жатқанымды өзіңіз де біліп отырсыз ғой. «Айдаладағы екі сиыр соның малына қосылып кеткен шығар» дегеннен әңгіме бола ма?! Көрген куә, растайтын адам қайда? Ол жоғалған екі сиырға мен неге жауапкер болуым керек?» - деп шырылдағаныма құлақ асқан жоқ, әлгі колхоз басқармасының мақаласына сүйеніп, 8 жылға соттады да қоя берді.

Сонымен не керек, Атыраудың түрмесінде екі жыл қыстадым. Атырау деген өте жаман жер екен. Жазда кішкене жылымығы болады да, қысқа қарай қатты қара суық болады екен. Сонда жүріп, суық тигізіп, денсаулығыма көп зарары тиіп, денсаулығымнан да айырылдым. Атырау Жайық өзенінің жағасында орналасқан қала екені белгілі. Халқымызда «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген мақал бар ғой. Дегенмен, біз сол өзеннің рахатын көре алмадық.

Бір күні ішінде бер жағы Алматыдан, ар жағы Мәскеуден келген дөкейлері бар үлкен комиссия келді. Комиссияның құрамында лагерьдің бастығы, бас дәрігері, облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы Досжанов деген де бар, барлығы он шақты адам болды. Біздің көбіміздің жөнді мамандығымыз жоқ, оқымағанбыз, құрылыста уақытша қара жұмыс жасап жүрміз. Бір бригадада 15-тей адамбыз. Жаңадан салынған, қаңқасы тұрғызылған үйлерге сылақ жұмыстарын жасаймыз. Ол кезде қазіргідей карьерден қазылып, кесіліп алынған дайын ұлутас жоқ. Сондықтан қыстыгүні сылақ жасауға болмайтын уақытта қара жерді қазып, қолдан бірнеше текшеметр тас дайындаймыз. Сонымен не керек, бәрімізді әлгі комиссиядан өткізді. Комиссияға барар алдында, жұмыстан келгеннен кейін кешке бригададағы барлық 15 адам болып ақылдасып, «Неғылса да, осы комиссияға бар мұңымызды айтып, ақиқатқа қол жеткізуге, Алла тілегімізді беріп, әділетті шешім шығарса, бұл жерден босап шығуға, кетуге тырысалық», - деп шештік. Сотталғандардың көпшілігі – мен сияқты нақақтан күйген жазықсыз адамдар. Комиссия қабылдады. Төрде кіл дөкей, нән-нән 11-12 адам отыр. Әрқайсымызды үстімізде дым лыпа жоқ, анадан жаңа туғандай қылып, тырдай жалаңаш шешіндіріп, жеке-жеке, бір-бірлеп кіргізеді. «Иә, қалайсың? Денің сау ма? Қандай арызың бар?» деген сияқты сұрақтарды жаудырып жатыр. «Ауырмаймыз, деніміз сау. Тек ешқандай мамандығымыз жоқ, қолымыздан ештеңе келмейді. Жер қазу мен құрылыста балшық илеп, тас алып беру сияқты қара жұмысқа жегіліп жүрміз. Осылай да-осылай, жазықсыз күйген жағдайымыз бар», - деп, барынша зар еңіреп шындығымызды айтып жатырмыз. Лагерьде әйел-еркегі аралас екі мыңның үстінде адам бар едік. Сол жолғы комиссияның шешімімен лагерьдегі адамдардың көбі нобайлап жан-жаққа кетті. Кейбіреулері босап шықты, кейбіреулері басқа лагерьлерге ауыстырылды, әйтеуір баяғы 2000 кісіден азғана адам қалдық.

Ал біздің бригададағы 15-16 адамның тағдыры өзгеріссіз, сол күйі қалды. Бригадамызда 2-3 әйел бар, қалғандары – ер адамдар. Оның төртеуі қазақ, үш-төртеуі орыс, бірен-саран басқа да ұлттың өкілдері бар.

Сөйтіп жүргенімізде, бір күні бәрімізді пойызға тиеп, этаппен айдады. Бұл 1951 жылдың қыркүйек айының іші. Алдымен Ресейдің Сол Илецк деген қаласына апарды. Қалада заманында Екатерина патшайымның кезінде салынған 320-дай сыңғырлаған үйі бар екен. Барар бағытымыз белгісіз болды ма, әлде басқа да себептері бар ма, әйтеуір сол жерде 25 күндей жаттық. Содан кейін тағы да тиеп, айдады. Бірде пароходқа, бірде әскери кемеге мінгізіп, екі айдай жүрдік пе білмеймін, сол жылдың 7 карашасы – Қазан төңкерісі мерекесінің алдында елдің түу Қиыр Шығысына – Амурдағы Комсомольск деген қаланың үстінен өтіп, Сахалин аралының ар жағына барып түстік. Бұл Жапониямен шекаралас жер екен. Нижний Амур облысы, Лазарев мүйісі деп аталады екен. Мен сауатсыз адаммын ғой. Не жұмыспен айналысып жатқанымызды білмеймін. Әйтеуір, түсінгенімше, Сахалин мен Жапонияның арасына теңіз асты туннелін салып жатқан көрінеміз. *(Әбдір ақсақал сол жерде Сталиннің кезінде, 1950-53 жж. аралығында салынып басталып, аяқталмай қалған, әйгілі Сахалин аралынан 7,3 км жердегі Невель шығанағының астындағы су асты туннелін салуға қатысқан-**Р.Қ.**)*. Шығанақтың ұзындығы, сірә, көз жеткісіз, кетіп жатыр ғой, әйтеуір енінің ең жіңішке жерінің өзі 7 шақырым болатын. Жоспар бойынша бергі жақтан біреуі, арғы жақтан біреуі, ортасында тағы біреуі бар, үш ствол бір бірімен жымдасып қосылуы керек. Бізді сол жұмысқа апарып салды. Бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген, табиғаты таңсық жаңа мекен. Қара жер жоқ. Аяғының асты тас. Қармайтының – тек қаптап өскен қалың ағаштың бұтағы. Кез келген жерді қазып келіп қалсаң, 30 сантиметрден кейін су шығып кетеді. Сол суды ағызып жіберіп, әрі қарай қазған боласың. Бірақ қалай қазасың?! Өзі су, өзі тас, өзі өр жер. Сонымен не керек, қысқартып айтқанда, сол жерде жыл жарымдай жұмыс істедік.

1953 жылы 5 наурызда Сталин қайтыс болғаннан кейін құрылысымыздың прорабы Капанов деген ұлты әзірбайжан кісі бәрімізді жинап алып: «Жігіттер, бір апта бойы ұлы көсемімізді аза тұтамыз. Сосын мобилизация болады. Оған дейін қатып жатқан жер жібіп, жол ашылады. Сосын елге қайтасыңдар», - деді. Содан бір апта бойы аяқты аспанға асып қойып жаттық. Арақ сатылмайды. Басқалай көңіл көтеру, ойын-сауық жасауға болмайды. Бұйрық бойынша көсемімізді аза тұтып жатуымыз керек. Сонымен не керек, ақыры аза тұту уақыты, айтылған бір апта мерзімі де бітті. Баяғы әзірбайжан прорабымыз бәрімізді тағы да жинап алып: «Мына құрылыс жұмыстары аяқталғанша еңбек етіп, елге табыс тауып барам дегендеріңе қалуға рұқсат. Ал «Қалмаймын, кетемін» дегендеріңе де – жол ашық. «Бұрын байлаулы едік, енді басымыз бос. Елдегі әке-шешемізді, тумаластарымызды көргіміз келеді» деп, шыдамасаңдар, сірә, кете бересіңдер ғой. Дегенмен, елге барғанда да сендерді күтіп тұрған дайын жұмыс жоқ. Сондықтан, жігіттер, шама келгенше, мүмкіндігінше осында қалып, жұмыс жасайық. Осы құрылысты аяқтап, ауылға ақша тауып барайық», - деп үгіттеп көрді. Ол қанша үгіттегенмен, бәрі де елдеріне кеткісі келді. Ішінара азғантай адам қалған шығар, басым көпшілігі қайтуды жөн көрді. Бұл қай айдың қай күні екенін де, қоштасарда бір-бірімізге берген мекен-жайларымыздың бәрін де ұмытып қалдым, әйтеуір сол жылдың көктемінде жол ашылғасын, барлығымыз елге қайттық.

Мен Гурьев пен екі ортаға азық-түлік таситын моторлы су көлігімен Атырауға келдім. Келдім де, қайыққа отырып алдым. Ешкім ақша сұрап та, «Қайдан жүрген адамсың?» деп те жатқан жоқ. Қасымдағы жолаушылар бір-біріне мен туралы: «Оқудан келе жатқан бала ғой», - деп қояды. Сөйтіп, мен баяғы 1949 жылдың 11 сәуірінде Таушықтағы жер үйге қамалғаннан 4 жыл, 3 айдан кейін, 1953 жылдың 13 шілдесінде Ақорпадағы үйіме келдім. Келсем, әкем де, шешем де бар, тірі отыр екен. Әкем 1959 жылы 82 жасында, анам 1963 жылы 67 жасында Песчаный деген жерде қайтыс болды. Сондай-сондай күндер басымыздан өтті, қарағым», - деп, ауыр күрсінді ақсақал.

Әбекең айдаудан босап, елге келген жылы колхоздар ірілендірілді. Ауылда жөнді жұмыс та жоқ. Күзде Сарытаған деген жердегі «бұраубайға» қолмен ұңғы қазатын жұмысқа барып еді, онда да қысқарту жүріп жатыр екен. Сол уақытта Түркменстандағы бір мекеменің кадр бөлімін басқаратын Қараев Шихы деген кісі Бегдашы деген жерге құрылыс бригадасын жасақтау үшін жұмысқа адам іздеп жүр екен, соған тап болады. Сөйтіп, Бегдашыда үйлерді күрделі жөндеу, сылақ жұмыстарын жасайды. Бұл құрылыста небәрі алты ай ғана істейді.

«1954 жылы Түбіжік деген жерге Қаратоннан мұнай көзін іздеп, тайыз бұрғылаумен айналысатын («структурный») барлаушылар экспедициясы келіп жатыр екен. Терең бұрғылаудың алдында жүретін бұл «бұраубай» да 800 метрден бастап 1200-1600 метрге дейін қазатын, едәуір жұмыс. Сол разведканың Марс Иванович Баранов деген орыс бастығы бар екен. Ол кездегі жұмысқа қабылдау да қазіргідей емес, қызық. Разведканың Сарытаста бір бөлімшесі бар. Мен әлгі Барановпен сол Сарытасқа бара жатқанымда кездесіп, жұмыс іздеп жүрген жайымды айтып едім, «Түбіжікке бар», - деп, қолыма тілдей қағазды жазып ұстатты. Түбіжікке келіп, Барановтың қағазын беріп едім, ертеңіне-ақ жұмысқа қабылдады. Осы кісінің қарамағына 1954 жылы күзде «бұраубайға» жұмысқа кірдім. Сол кіргеннен 33 жыл үзбей жұмыс жасап, 1987 жылы 3 жыл «надбавкамен» пенсияға шықтым. Мен негізінен Қамысбай Мырзағалиевтің қарауында істедім. Әуелі әртүрлі қара жұмыстар жасадым. Сосын бұрғышы болдым. Түбіжік, Жетібай, Өзен, Ақсу, Доңға кен орындарын игеруге атсалысып, тайыз бұрғылауға қатыстым. Терең бұрғылауда болған жоқпын», - деп еске алады ол.

Әбдір ақсақал 1955 жылы отбасын құрады. Зайыбы Елубаева Қойлан – Бәйімбеттің ішінде Байбоздың қызы. Айтбай, Елмырза, Бимырза, Бекмырза, Кенжеғали деген арыстай алты ұлы бар еді. Біреуі 30 жасында ауырмай-сырқамай, аяқ астынан қайтыс болды, қазір бесеуі бар. Үш қызының бірі Жаңыл да жастай қайтты. Руза, Зейнеп есімді екі қызы бар.

«Биыл, міне, тоқсанның екеуіне шығып тұрмын. Ешқандай арманым жоқ. «Құдай деген құдірет бар» дейді ғой білетіндер. Сол Құдай болмаса, маған осындай бала-шағаны, ұзақ өмірді кім береді?! Құдай Тағала берген балаларымның қызықтарын көрдім. Ешкімнен кем өмір сүрген жоқпын.

Өзім намаз оқи алмадым. Бірақ діни кітаптардың біразын оқып, ескілікті әңгімелерді көп тыңдадым. Дегенмен, солардың бәрі бүгінде сол күйінде ұмытылып қалып жатыр. Адам баласы дүниеге екі рет қайтып келмейді, екі рет өлмейді. Сондықтан пенде болғасын жерде өкініш көп болады. Бірақ соның бәріне өкініп, сарыуайымға салына беруге болмайды. Аллаға риза болып, шүкіршілік етуі керек. Оған ешқандай қарсылық жасауға болмайды. Алайда пенде баласы біліп-білмей, күнәға батады, Алланың ісіне қарсылық білдіреді, Аллаға тілі тиеді. Ол дұрыс емес. Адам баласы Алланың бұйрығына мойынсұнып, Алланың душар қылған жақсылығына да, жамандығына да көнуі керек. Кім болса да, басы жұмыр пенде Алланы ойлауы керек. Алланың әділдігін сезіне білуі керек. Тудың, өлдің. Туғаннан кейін өлесің. Өлгеннен кейін ақирет күні қайта тірілесің. Бұйрықта солай деп айтылған.

Кейінгі келе жатқан жас ұрпаққа айтарым: еңбек ет, кісіге зорлық қылма, ұрлық қылма, боғауыз әңгіме айтпа, ешкімді тілдеме, босқа кейіме. Заманына қарай сазы болады ғой. Кім-кім де сол өзі өмір сүрген заманның тәртібіне мойынсұнуы керек. Сонда бәрі де жақсы болады», - деп әңгімесін аяқтады Әбдір ақсақал.

«Нарға салдым салмақты» деген бар. Алла Тағала ауырлықты да көтере алатын адамға береді» деп әке-шешеміз айтып отыратынындай, осынау ғұмырында неше түрлі қилы кезеңдерді бастан кешіп, қиындық пен ауыртпалықтың талайын арқаласа да, қабағын шытпай, қабырғасы қайыспай көтере білген, жасы тоқсаннан асып, жүзге жақындаса да, ақыл-есі түзу болып, ақсақалдық әңгімесінен жаңылмаған Әбдір қарияға қарап отырып, біз «Қырық жыл қырғын болса да, ажалсыз өлмейді», «Көресіңді көрмей, көрге кірмейсің», «Адам баласы бір терінің ішінде қырық рет толып, қырық рет солады» деген ата-бабаларымыздан қалған айны-қатесіз ақиқат, нақыл-насихат сөздердің анықтығына тағы бір мәрте көз жеткізіп, көңілімізді сендіргендей болдық. «Ал ол кісінің бүкіл өмірін быт-шыт қылып, тағдыр жолын тар-қысталаң соқпақтарға салған, өздері өмір сүрген дәуірдің құрсау саясатының құлы, қолбаласы болған пенделердің әрекетін кейінгі ұрпақтар қайталамаса екен. Әрдайым әділдік салтанат құрып, жазықсыз жас төгілмесе, нақақтан намыс күймесе екен» деп тіледік.

**Рахат ҚОСБАРМАҚ,**
*журналист*

---

*Еңбек — ер дәулеті*

# ӘКЕ КӨРГЕН ОҚ ЖОНАР

**Біздің Маңғыстауда «кімнің баласы екен», «кімнің баласы десеңші!» деген сөз бар. «Жақсыдан жақсы тусашы, ата жолын қусашы» деген тілекші көңіл бар. Оның аржағында үлкендердің жүрегінің түкпірінде адастырмас жолды, бұлтартпайтын мақсатты, ақыл мен кісілікті мұрат еткен ұрпақтың болғанын қалайтын жан қалауы тұрады-ау...**



...Маңғыстаудың ойын мекен еткен жұрттың ішінде Шүкірбай Асановты жергілікті халықтың білмейтіні сирек. Көзкөргендер елдің қызметінде жүріп абырой жинаған ел ағасы еді деп қимастықпен еске алады. Белгілі өлкетанушы Отыншы Көшбай жазғандай «Маңғыстауға Австралиядай алыс көрінетін» Алматыда Алым Жаңбыршин, Нұн Жұбаев, Берекет Жұмалиев, Әбіш Кекілбаев, Сержан Шәкіратов , Болат Қонысбаев, Ораз Телемгенов, Сүлеймен Құсайынов, Терекбай Жаңбыршин сияқты мықтылардың қатарында КазГудың физмат факультетінің студенті, шайырлық Шүкірбай Асанов та астананың білім-білігі мен тәрбиесін алады. Маңғыстау ауданының комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Форт Шевченко қаласы, Маңғыстау, Ералиев аудандарындағы қызмет баспалдақтарынан өтіп, Ералиев аудандық халықтық бақылау комитетінің басшысы, аудандық кеңес төрағасының орынбасары «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ кадр бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған.

Жазу-сызуға бейімің болғаннан кейін елдің өткен-кеткен тарихына, адамдарына құлағың түрік жүретіні бар. Газет тапсырмасымен «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мұнай және газ өндіру цехына қарасты №43 топтық қондырғысына барып, оператор Бектас Асановпен әңгімелескенде, оның арғы-бергі өмірбаянымен танысқанда Бектастың сол Шүкірбай Ағаның ұлы екенін білдім. Бектастың ұжымда беделді, өз қатарластары арасында оқ бойы озық болатыны тегіннен тегін емес екен. Анасы Баян Изкенова да талай жыл ұстаздық еткен ардақты жан.

–Әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды. Ол кісінің адамгершіліктен екі алмаңдар деген текті тәрбиесімен өстік-өндік. Бүгінде 3 қыз, 3 ұл құтты орнына қонған. Үйлі-баранды. Адамға керегі – абырой. Ар күзетсең - абыройдан алыс жүрмейсің. Еңбек етсең - еленесің. Өмірде әрбір істің қызығымен қатар қиындығына да төзу керек,– дейді аға маман.

Бектас Асанов бүгінде «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасы мұнай және газ өндіру цехына қарасты №43 топтық қондырғысының операторы болып еңбек етеді. 27 жыл жүріп жасаған табанды еңбегі еш кеткен жоқ. Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісін иеленіпті.

–Аға оператор болып жұмыс жасап жүріп, ұжымның басы қосылмаса іс өнбейтініне көзім жетті. Саусақ бірікпей, ине ілікпейді екен. Біздің бейнетіміз ортақ, бақытымыз - бір. Компанияның дамуы, елдің өркендеуі, жердің гүлденуі– бірліктің, тынымсыз еңбектің арқасы. Көрген жақсылық атаулымыздың, ырыс-несібеміздің түп қазығы да осы мұнай. Соңғы он жыл ішінде біздің әлеуметтік жағдайымыз көп-көрім өзгерді. Жұмысымызға да, компаниямызға да алғысымыз шексіз,–деп ол әңгімесін түйіндеді.

---

# ҮЙДЕ ДЕ, ТҮЗДЕ ДЕ БІРГЕМІЗ...

**Бір шаңырақтың астында ғұмыр кешіп жатқан қос мұнайшының тағдырын бір арнаға тоғыстырған Қаламқас кенорны. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік 5-дәрежелі операторы Амандық Ақжігітовтың жан жары Феруза Жетесіновамен таныстығы 1993 жылы мұнай дайындау және өткізу цехында басталады. Екі жылда едәуір еңбек етіп, тәжірибемен ысылған жас жігіттің жаңадан жұмысқа қабылданған қыпша бел аруға көзі түседі. 2 жыл өндірісте көрген-білгенін, ойға түйгенін көңілі құлаған аруға үйретуден жалықпаған Амандықтың айы оңынан туды десе болады. Көп ұзамай қос оператор қол ұстасып шаңырақ көтереді.**



– Құдай берген төрт қызым бар. Жарым әрдайым жанымда. Үйде де түзде де біргеміз,–дейді Амандық аға.

Мұнай өндірісінде ұлсың ба, қызсың ба оңы мен солы бірдей. Бар мұнайшы сияқты, табиғатынан нәзік арудың табандылығы да осы жерден көрінеді. Бүгінде Амандық мен оның жары Ферузаның 25 жылдық еңбек баянын шотқа салсаңыз, қос оператордың еңбек өтілі 52 жыл. 52 жылдың қызығы мен қиындығын қатар нүктелаған қос маманға сүйсінбей көр!

Амандық Ақжігітов еңбек ететін мұнай дайындау және өткізу цехы ынтымағы жарасқан іргелі ұжым. 60 адам екі ауысымда жұмыс жасайтын, тәулігіне 10 000 текше метр мұнай өткізетін цехтың жұмысы қауырт. 10 қазандықтың жұмысы Амандық секілді білікті мамандардың маңдай терімен, қажырлы қайратымен күні-түні қайнап жатады.

- Әкем-шешем талай жыл совхозда еңбек етті. Көзі тірісінде еткен еңбектің еш кетпейтінін айтып отыратын. Көп сөзге жоқ, істің адамы еді,–дейді мұнайшы.

Қара алтын өндірісінің қыр-сырын әбден ұғынған Амандық аға «Өмірлік ұстанымым – елге қызмет ету, отбасыңның алдында, жүрген ортаңда абыроймен азаматтық атты алып жүру еді. Сол қағидатпен ғұмыр кешіп келемін. Білмегенге – үйреттік, білгеннен – үйрендік», - деп әңгімесін сабақтады.

Мұнай өндіру саласына өмірінің көктемін, жазын арнаған Амандық Ақжігітов жастарға патриот болу керектігін айтады. «Артқа шегініс жасауға болмайды, қашанда алға қарай адымдау керек. Бізге мемлекет не береді екен деп емес, біз мына ел алға қарай даму үшін не береміз деген ынта-жігермен өмір сүруіміз керек», –дейді ол.

Мұнай ісінің үздігі кен орнында мұнай өндірумен шектеліп қана қойған жоқ, қоғамдық жұмыстарда да белсенді. Әлі де шыққан биігінен түспеген Амандық Ақжігітов жастарға үлгі-өнеге болып, өзінен кейінгілерге жол сілтейтін ақылман тәлімгер. Өмірі өндіріспен біте қайнасқан азаматтың әлі де үйретері көп.

**ЖАННАТ КЕМАЛ**

*Руханият*

# РАМАЗАН – РАҚЫМ АЙЫ




Маусым айының 6 жұлдызы күні, жыл сайынғы үрдіспен, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жас мамандар Кеңесінің көпшілікке арналған ауыз ашар – ифтар садақасы тарқатылды. Төртінші жыл қатарынан ұйымдастырылып, дәстүрге айналып үлгерген шара биыл 13 шағын ауданға қарсы орналасқан Ақтау қаласының кіші мешітінде өтті.

Айлардың сұлтаны атанған Рамазан оразасының сауабы қандай болса, Аллаға тәуекел етіп, мейірімі шексіз Раббының ризалығына кенелуге ниеттенген жанға ауыз ашар беріп, шөлін қандыру да сондай сауапты делінген. Оған екі дүниенің шамшырағы, асыл пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с. құтпаларының бірінде айтылған мына бір сөздері дәлел бола алады: «Уа, халайық! Бұл айда (Рамазан айы) ауызашар берген адамға бір пендені азат етудің сауабы беріледі. Өздеріңді тозақ отынан құтқарыңдар. Бір құрма немесе жарты құрмамен, болмаса бір жұтым су беріп, ораза тұтқан адамның ауызын аштыру үлкен сауапқа ие болуға себеп болады».

Ораза адамның қиындықтарды түсінуіне, байдың жарлыға көз салуына себеп болады. Оған қатысты Имам Садық (ғ.с): «Алла Тағала өз жаратылыстарының арасында теңдік орнату үшін ораза тұтуды уәжіп етті»,- деп айтқан сөзі де бар. Демек, Рамазан ораза тұтқанға да, ораза тұтуға жағдай жасағанға да бірдей сауаптар жауатын ай, яғни Рамазан – рақым айы.

Ақ ниетпен ұйымдастырылған шара өз ретімен жүріп жатты, мейірбандықпен жайылған дастархан басында ине шаршырлық орын болған жоқ. Күн ұзаққа ас пен судан тиылған жамағат ораза тұтутышының бұ дүниедегі қуанышымен қауышып, шай құйылған кеселер мен ас салынған табақтар ары-бері жүгіріп жатыр. Төрде мешіт қызметкері Рамазанның қадір-қасиеті мен шын мұсылманның болмысы туралы уағыз айтып отыр. Салтанаты мен берекесі жарасқан дастархан басында гу-гу әңгіме, нұр шашқан жүздер, бір-біріне мейірлене қараған көздер.

Сөз соңында, шараның ойдағыдай өтуіне ерекше үлес қосқан компания жастары - Абдислан Наурызбаевқа, Қайрат Ходжаевқа, Бақтияр Қазиевке, Алмас Имамбаевқа, Анар Нұғманова мен Жанна Исмухамбетоваға лкен алғыс білдіреміз. Баршамызға Алла сауаптан жазып, келесі Рамазанда төрт көзіміз түгел қауышуды бұйырсын. Ұжым атынан берілген садақамыз Алла тағаланың алдында қабыл болғай.

# ОНЛАЙН ТӘРТІБІНДЕГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ

«БЖЗҚ» АҚ көрсететін қызметтерді оңтайландыру және жаңғырту жолында салымшыларға (алушыларға) Қор кеңсесіне келмей-ақ және құжаттарды толтырмай-ақ Қордың негізгі қызметтерін пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа, заманауи қызметтерін ұсынады.

Қор 2017 жылы міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу және зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, сол өтініштердің мәртебесін қадағалау, деректемелерге өзгерістер/толықтырулар енгізу, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілін интернет байланысы арқылы алу тәсіліне ауыстыру мүмкіндігі сынды қызметтерді іске асырды. Бұл қызметтер салымшылар (алушылар) үшін тәулік бойы қолжетімді.

Зейнетақы төлемдерін тағайындау жөніндегі өтінішті зейнеткерлік жасқа толған азаматтар және мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген, 1-ші немесе 2-ші топтардағы мүгедектігі бар адамдар жолдай алады.

Осылайша, БЖЗҚ салымшылар мен алушыларға жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысқан бүкіл кезең барысында, яғни жеке зейнетақы шотын ашқаннан бастап төлемдерді алғанға дейін оларға онлайн тәртібінде қызмет көрсетуге дайын.

Қызметтерді қолдану үшін Қор сайтында «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясынан алған өзекті электрондық цифрлық колтаңбаның (ЭЦҚ) көмегімен авторлану қажет. Электрондық қызметтер бөлімінде авторланғаннан кейін пайдаланушыға дербес деректердің нысанын толтыру және өтініш беру ұсынылады.

2018 жылғы 1 қаңтарға қарай салымшылар (алушылар) БЖЗҚ сайтындағы электрондық қызметтердің барлығын, олар іске қосылған сәттен бастап пайдаланған. Осылайша, 250-ге жуық салымшы онлайн түрде ЖЗШ ашты, 50-ге жуық алушы төлемге өтініш берді, 1,2 мыңға жуық адам өз деректемелеріне өзгерістер енгізді және 500-ге жуық салымшы ЖЗШ-дан үзінді-көшірме алу тәсілін интернет-хабарландыру тәсіліне ауыстырды.

Бұдан басқа, тіркеуден өтпестен ЭЦҚ арқылы БЖЗҚ сайтында Жеке кабинетте авторлануға болады. Ол үшін хабарландыру тәсілін таңдау немесе оны интернет байланысына ауыстыру туралы қосымша келісімге алдын ала қол қою қажет. Кабинетте ЖЗШ жағдайы туралы үзінді-көшірмені кез келген қолайлы уақытта және кез келген кезеңге алуға, сондай-ақ зейнетақы шоттарының бар-жоғы туралы анықтама алуға болады.

*Охрана труда*

# НА СТРАЖЕ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

**Инженерно-инструкторским составом службы пожарной безопасности ДТБТБиООС АО «Мангистаумунайгаз» проводятся профилактические работы по предупреждению пожаров и возгораний на объектах ПУ «Каламкасмунайгаз» и «Жетыбаймунайгаз», а также структурных подразделениях департаментов Общества.**

Ежемесячно согласно графика производственного и внутреннего контроля совместно с инженерами ООТиПБ на месторождениях Каламкас и Жетыбай проводится проверка противопожарного состояния объектов. Результаты проверок оформляются указаниями о принятии мер по устранению выявленных нарушений или предложениями. Также осуществляется ежедневный контроль за проведением огневых работ. Для проведения огневых работ на взрывоопасных, пожароопасных местах организовывается дежурство с вызовом на место пожарного автомобиля МФ ТОО «Семсер Өрт-сөндіруші». Кроме того, согласно графика совместно с представителями ТОО «Мунайтелеком» проводятся проверки работы автоматики пожаротушения на объекте ЦППН.

Все объекты производства и здания административно-социального назначения полностью укомплектованы огнетушителями и соответствующими зарядами, постоянно ведется их техническое освидетельствование и заправка. Ежеквартально проводится проверка по оснащенности и состояние первичных средств пожаротушения по объектам Общества с составлением сводной ведомости.

Имеющаяся на объектах Общества автоматическая пожарная сигнализация, системы оповещения находятся в исправном состоянии, ежемесячно ведется их проверка инженерами и инструкторами службы пожарной безопасности с представителями объектов.

За 2017 год и пять месяцев текущего года на объектах АО «Мангистаумунайгаз» пожаров и возгораний не было.

*К. Абдиров,*
*инженер 1-ой категорий СПБ ДТБОТиООС*

ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

# ЗОЛОТЫЕ ПРАВИЛА КМГ

## ПОСЛАНИЕ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ

**«Золотые Правила»- это простой, всем понятный и надёжный способ для предотвращения производственных рисков. Эти правила обязательны для соблюдения всеми работниками КМГ и нашими подрядчиками. Компания, которая хочет быть успешной, должна доверять своим работникам и следовать этим простым правилам. Соблюдение «Золотых Правил» - это способ сохранить самое важное – человеческую жизнь.**

**Я верю, что наши работники, наше руководство, менеджеры, а также супервайзеры и подрядчики проявят ответственность в этом вопросе и будут следовать этим правилам. Безопасность работников всегда была и останется одним из наших важнейших приоритетов.**

Поэтому, политика компании в этом вопросе проста:
**Если Вы решили не следовать Золотым правилам, Вы решили отказаться от работы в КМГ.**

Председатель Правления
АО НК «КазМунайГаз» Мынбаев С.М.




БЫТЬ ГОТОВЫМ К РАБОТЕ | БЕЗОПАСНОСТЬ ВО ВРЕМЯ ВОЖДЕНИЯ | НАРЯД-ДОПУСК | ИЗОЛЯЦИЯ ИСТОЧНИКОВ ЭНЕРГИИ | РАБОТЫ В ЗАМКНУТОМ ПРОСТРАНСТВЕ | РАБОТЫ НА ВЫСОТЕ | ДВИЖУЩЕЕСЯ ОБОРУДОВАНИЕ И ОБОРУДОВАНИЕ ПОД НАПРЯЖЕНИЕМ | ГРУЗОПОДЪЕМНЫЕ ОПЕРАЦИИ

СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ – НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

*Бала деген бір бақыт*



# ЖАДЫРАҒАН ЖАЗ-МЕЙРАМ



Маусымның алғашқы күні «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлерін бас кеңсенің ауласы таңертеңнен көтеріңкі көңіл-күй, мерекелік атмосферамен қарсы алды. Бұл күйді мерекеге келген періште балалар, бүлдіршіндердің күлкісі, әуезді әуен одан әрі шалқыта түсті.

Бас директордың адам ресурстарын басқару, нормалау және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Нұржан Қалдыбатыр қонақтар мен бүлдіршіндерді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ вице-президенті – компанияның бас директоры Серік Әбденовтың атынан 1-маусым - Халықаралық балаларды қорғау күнімен ыстық ықыласпен құттықтай отырып, мереке шымылдығын ашып берді.

Серіктестік әкімшілігі және Жастар кеңесінің белсенді мүшелерінің ұйымдастыруымен көңілдің гүлі, көздің нұры болған балалар үшін сурет салу, мәнерлеп оқу, би, вокалды-аспапты номинациялары бойынша конкурс жарияланған болатын. Мерекеге кен орындардағы, Ақтау қаласындағы барлық өндірістік бөлімшелер жұмыскерлерінің балалары шақырылып, олардың ішінен отыздан астам бала байқауға қатысуға өтінім берді. Әділ қазылар алқасының төрағасы бас директордың орынбасары Нұржан Қалдыбатыр және алқа мүшелері - Серіктестік қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының техникалық инспекторы Мақсұт Садықов, кадрлар жөніндегі жетекші маман Қымбат Тұржанова, аудармашы Айман Есбосын, жетекші заңгер Нұржан Оразов, кадрлар жөніндегі маман Әсел Баганчукова жанды дауыста өнер көрсеткен балалардың өнерін таразыға салды. «Менің Отаным – Қазақстан», «Менің арманым», «Отбасым – бақытым», «Ертегі әлемінде» деген тақырыптар бойынша қағазға сурет салуға 45 минут уақыт берілді. Жас суретшілерден өз жұмыстарының мәнін ашып, қорғап шығуы да талап етілді. Олардың жұмысын жас мамандар Нұрсұлу Сәрсенова, Ғазиза Әкімова қадағалады.



Жас мамандар күшімен әсем безендірілген дөңгелек алаңда балаларға арналған тәтті мақта, қуырылған жүгері, сусындар шектеусіз үлестірілді. Арнайы шақырылған аниматорлар: ақ панда мен ақ аю және көңілді клоун балаларды қаппен жүгіру, арқан тартысуға шақырып, би билетіп, ән салдырып, бүлдіршіндердің бойындағы сан-алуан өнерді сыртқа шығаруға мүмкіндік беріп, ортаны думанға толтырды. Ырғақты музыка, әртістердің өнері мен балалар біте қайнасып, ертегі әлеміне еніп кеткендей. Желсіз күндегі бұлтсыз ашық аспанда мейірлене сәулесін шашқан күндей ауладағы барша адам шат-шадыман көңілмен балалық шағындай риясыз күлкі, көтеріңкі көңілмен мәз-мәйрам болысып, мерекелік жиынды өзгеше күйге бөлеп жіберді.

Байқау барысында көңілді жадыратып сүйкімді өнерпаздарымыздың шырқап салған әні, әсем қимылды шебер биі, бойды балқытқан қазақтың күйі көпшілікті серпілтіп тастады. Ең мейірімді, кішкентай таланттардың бәрін бірдей өз баласындай көріп отырған әділ қазылар алқасына балаларды іріктеу оңай болмады. Ата-аналар да перзентінің аяқ алысына іштей бірге ілесіп, шалыс кеткен жері болса жаны қалмай, ұшып тұрып кеңесін беріп, қолдау көрсетіп жатты. «Бұлақты көрсең көзін аш», - деп аталарымыз айтып кеткендей, талантты балаларымыздың өнерін тамашалағаннан кейін оларға ақ жол тілей отырып, мерекенің жүргізушілері әлеуметтік мәселелер жөніндегі аға маман Әсет Нұрсебепов пен еңбек жөніндегі экономист Мақпал Серікбаева байқау қорытындыларын жариялады.

Жас суретшілер арасында 1-орынды бояу сыры мен сиқырын жақсы меңгерген Аружан Саин, 2-орынды қол шеберлігімен тәнті еткен Сұңғат Теңізбай, 3-орынды суретінің мазмұнының байлығымен ерекшеленген Әбілхайыр Қазбек иеленді.

Ал әнші және күйші балапандар ішінен 1-орынды нақышына келтіріп ән айтқан Мәдина Мырзабек, 2-орынды әдемі әуенді әуелеткен Жансерік Сүлеймен, 3-орынды сүйкімді дауысымен Мерейлім Мырзабек, 4-орынды әсем күйді күмбірлеткен Сәбит Әбілхан жеңіп алды.

Бишілер арасынан асқан шеберлікпен лезгин биімен екпіндете суырылып алға шыққан Ақзиза Мұрағали 1-орынға, сырлы да сиқырлы үнді биін сыйлаған апалы-сіңлілі Қымбат пен Сымбат Теңізбайлар 2-орынға, брейк-данспен таңдандырған 4 жасар бүлдіршін Бекжан Едігеев 3-орынға ие болды.

Мәнерлеп оқудан сөз патшасын таныған Жанерке Әділетқызы 1-орынды, ал кішкентай 5 жасар Санжар Тұржан 2 –орынды иеленді.

Жүлдегерлердің барлығына диплом және балалар кинотеатрына, Ақтау сауда-ойын-сауық орталығындағы мұз айдынына билет табыс етілді. Жеңімпаздарға кәсіподақ атынан бағалы сыйлықтар берілді. Байқауға қатысқан ешбір бала назардан тыс қалған жоқ, баршасына алғыс хат пен кинотеатрға билет сыйға берілді.

Бұл мерекелік шара діттеген мақсатына жетті деуге болады. Жастар кеңесінің жоспары бойынша өткізілетін отбасы аралық сайыстар үшін өнерлі, спортқа бейім жанұяларды анықтауға мүмкіндік туды. Бұл мереке өскелең ұрпақ ата-анасының жұмыс орнын, ұжымын көріп, жетістіктеріне куә болуы, қамқорлығын сезініп, болашақта арманына жетуге ұмтылуы үшін де маңызды. Ал ата-анаға көз қуанышы – алдына алған еркесінің ойлы болуы, өнерін ұштауы, жақсы тәрбие алуы керектігін көрсеткен сияқты.

Халықаралық балалар күні әлемнің түкпір-түкпіріндегі балаларға қуаныш сыйлайтын мейрам ғана емес, олардың құқығын қорғап, қамқор болуға үндейтін мейрам. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Баланың тағдыры оны тәрбиелейтін адамдардың қолында. Өскелең жас ұрпақ аман болсын! Балалық шақтары бақытты, болашағы жарқын болғай!

**Айман Есбосын,**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

*Қайырымдылық*

# БАЛДЫРҒАНҒА - БАЗАРЛЫҚ



1 – маусым халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Oil Services Company» Серіктестігі облыстық мүмкіндігі шектеулі, мүгедек және қамқорлыққа мұқтаж арнайы балалар үйіне қайырымдылық іс-шарасын өткізді. Серіктестіктің Жастар кеңесі бастаған бір топ қызметкерлері тәрбиеленушілерді мерекемен құттықтап, балаларға төрт түрлі жаттығу тренажерларын сыйға тартты.

Бүгінгі таңда орталықта түрлі деңгейдегі дертке шалдыққан 100-ден аса бала өмір сүруде. Бала жастан мүгедек, айықпас дертке шалдыққан балалардың басым бөлігі – тастанды балалар мен жетімдер. « Жетім көрсең жебей жүр» деген, ата-ана мейіріміне зәру балаларға қайырымдылық мұнымен шектелмек емес.




Сонымен қатар, компанияның жас мамандары мереке қарсаңында «Луара» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен мүмкіндігі шектеулі балалардың 11-халықаралық фестиваліне қатысып, 50 балаға сыйлықтар тапсырды. Қазақстанның түпкір-түпкірінен және Түркия, Ресей елдерінен жиналған мүгедек балалар өздерінің шектеулі мүмкіндіне қарамастан өнерлерін көрсетіп, жиналған жұрттың көңілдерін өзгеше бір күйге бөледі. Төрт қабырғаға қамалып, терезеге телміріп отырған кемтар балаларға қатысты айтсақ, шешілмей жатқан түйін жетерлік. Осындай дертке шалдыққан жеткіншектер қоғамның көмегіне зәру. Сондықтан, мүмкіндігі шектеулі балалардың тәрбиесі тасада қалмай, жанына жылылық, жүрегіне шуақ, келешегіне қанат бітіру әр адамзаттың парызы –деп сенеміз.

**Аққүміс Алдабергенова**
**«Oil Services Company» ЖШС**
**әлеуметтік саясат бөлімінің маманы**

*Охрана природы*



# СУББОТНИК НА “САМАЛ САЙ”

В субботу, ТОО «Мунайтелеком» провел силами своего коллектива субботник по санитарной очистке территории в местности “Самал сайы” (ущелье Самал) Мангистауского района. Ущелье Самал один из красивых мест Мангистау с каскадным водопадом на склонах горной гряды Каратау и является излюбленным местом отдыха людей. Отдыхающие устраивают пикники, но не собирают за собой и вследствие, остается много мусора.

Субботник проведен по плану мероприятий согласованный с ГП «Мангистауский государственный историко-культурный заповедник». На субботнике участвовали 43 человек, собрали более пятидесяти мешков мусора пластиковых бутылок, пакетов и их вывезли. В ходе проведения субботника кроме санитарной очистки территории, изготовлен и установлен дорожный указатель «Самал сайы» в стандартном исполнении с двух сторон автодороги «Шетпе-Шайыр». А в самом ущелье, в трех местах, установлены таблички с призывом соблюдать чистоту - «Тазалықты сақтайық», а также восстановлена скамейка и покрашена.

Во время субботника в ущелье находились несколько групп отдыхающих, с ними проведены беседы на тему чистоты и охраны окружающей среды, все были согласны с нами и после пикника они забрали с собой свои отходы. Всех посетителей природных достопримечательностей призываем беречь природу, быть в ответе за сохранность ее первозданной красоты, не оставлять за собой накопленный за время вашего отдыха отход.

**М.Сарсенбаев,**
**Председатель ЛПС**
**ТОО «Мунайтелеком»**



*Летний отдых*

# КАНИКУЛЫ МОЕЙ МЕЧТЫ




**В детском оздоровительном центре (ДОЦ) «Алау» на берегу Каспийского моря состоялась красочная церемония закрытия первой летней смены. В течение двух недель здесь отдыхали более 240 детей работников АО «Мангистаумунайгаз». По многолетней традиции закрытие каждой смены в загородном лагере проходит в торжественной обстановке: в этот день на вечернюю линейку собираются не только ребята, вожатые и воспитатели, но и родители отдыхающих здесь мальчишек и девчонок.**



К приезду гостей здесь подготовились основательно: вожатые и их воспитанники подготовили веселую и зажигательную программу – театральные сценки, спортивные конкурсы, музыкальные номера – каждое выступление сопровождалось бурными овациями. А потом, когда стемнело, под небосводом из миллионов мерцающих звезд, на берегу Седого Каспия ребята под присмотром взрослых развели прощальный костер. Мальчишки и девчонки загадывали желания и, прощаясь с лагерем и вожатыми, не скрывали своих слез. Как же много хочется сказать напоследок, как много важного и дорогого в своем сердце увезет с собой каждый из них после этих искрометных, невероятных и захватывающих 14 дней!



За это время ребята обрели не только новых друзей, но и получили много положительных эмоций: всевозможные экскурсии, спортивные игры, посещение аттракционов и фермы экзотических птиц, дискотеки и гала-концерты, вечера пародий и турниры по пейнтболу, конкурсы рисования и занятия в фотокружках – все это они запомнят навсегда.

- Каждый день у нас было что-то новое, так что скучать не приходилось. Как жаль, что смена пролетела как один день! Это были каникулы моей мечты, я очень хочу вернуться сюда еще раз, - признается Асель Аманбек.

- «Алау» подарил мне массу позитивных эмоций, научил меня слушать других, быть внимательнее к окружающим меня людям. Игры, соревнования, концерты, походы – ни минуты свободного времени! Здесь я научился планировать свой день, и самое главное – обрел много новых друзей, - говорит Нурбек Мендихан.

Всего в течение лета в лагере «Алау» в пять потоков отдохнут 1300 ребят. Кроме того, в этом году для детей работников АО «Мангистаумунайгаз» отдыхают оздоровительных центрах «Мерей» (Костанай) и «Евразия» (Уральск). В каждом из этих лагерей для мальчишек и девчонок подготовлена обширная познавательная и развлекательная программа.

Много смеха, веселья, улыбок и неугасающего позитива - эти каникулы будут незабываемыми!



*Спартакиада - 2018*

# АСТАНАҒА - ЖОЛДАМА



Маусым айының 18-26 жұлдызы аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы компаниялар тобына қарасты өндірістік мекемелер арасында IV жазғы спартакиада өтті.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы спортшылары волейбол, футбол, баскетбол, үстел теннисі, шахмат, тоғыз құмалақ, суда жүзу және қол күресі бойынша «Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Oil Service Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Ойл Транспорт Компани» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және «Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызметкерлерімен өзара сайысқа түсті.

Бір аптаға созылған спорт мерекесінде тартысты сәттер өте көп болды. Төртінші жыл қатарынан өтіп жатырған спартакиадада жылда бір топта өнер көрсетіп, бір-бірін әбден зерттеп алған командалардың түбегейлі дайындықпен келгені көрініп-ақ тұрды. Мәселен, өткен маусымда волейболдан ерлер арасындағы ойында біздің Компанияның командасынан бірінші орынды тартысты бәсекеде жеңіп алған «Oil Service Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі биыл 2-орынға жайғасты, Тыңғылықты дайындықпен келген біздің жігіттер – «Маңғыстаумұнайгаз» командасы 1-орынды иеленді. Ал «Ойл Транспорт Компани» командасына биыл тағы да қола жүлде бұйырды. Әйелдер арасындағы бас жүлде биыл да Маңғыстаумұнайгаз» командасында қалды. Ал екінші орын былтыр қоладан медаль таққан «Oil Service Company» командасына бұйырса, үшінші орынды былтыр жүлделі үштікке іліге алмаған «Oil Construction Company» командасы жеңіп алды. Басқа ойын түрлері бойынша жеңімпаздар төмендегі ретпен айқындалды:

**- Шағын футбол:**

1-орын – «Oil Service Company» командасы, 2-орын – «Маңғыстаумұнайгаз» командасы, 3-орын – «Oil Construction Company» командасы.

**- Баскетбол:**

1-орын – «Oil Service Company» командасы, 2-орын – «Маңғыстаумұнайгаз» командасы, 3-орын – «Oil Construction Company» командасы.

**- Үстел теннисі:**

Ерлер арасында 1-орын Болат Өскімбаев («Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС), 2-орын Сұлтан Тілегенов («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ), 3-орын Дәулет Жұмағалиев («Oil Services Company» ЖШС).

Әйелдер арасында 1-орын Ақмарал Баспаева («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ).



**- Шахмат турнирі:**

Ерлер арасында 1-орын Азамат Әлібеков («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ), 2-орын Асқар Таусаров («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ), 3-орын Жамбыл Сабитаев («Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС).

Әйелдер арасында 1-орын Айгерім Қалдыбаева («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ).

**- Тоғыз құмалақ:**

Ерлер арасында 1-орын Талғат Темірәлі («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ), 2-орын А.Хиуалиев («Oil Construction Company» ЖШС), 3-орын Есен Малаев («Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС).

Әйелдер арасында 1-орын Рысгүл Ермағамбетова («Oil Construction Company» ЖШС).

**- Қол күресі, 80 кг.-ға дейінгі салмақ дәрежесі бойынша:**

1-орын Бахытбек Майланов («Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС), 2-орын Рафаэль Сиындықов («Мұнайтелеком» ЖШС), 3-орын Нұрсерік Қуандықов («Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС).

**- Қол күресі, 80 кг.-нан астам салмақ дәрежесі бойынша:**

1-орын Сисенбек Нұрбаев («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ), 2-орын Асхат Себасов («Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС), 3-орын Қазы Шамьянов («Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС).

**- Суда жүзу, 100 метр:**

1-орын Нұржан Құсайынов («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ), 2-орын Нұрсұлтан Абдуов («Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС), 3-орын Ықылас Қараманов («Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС).

Жүлделер бөлісі осындай болды. Енді, бабы мен бағы қатар шапқандар Астана қаласында өтетін жылдың басты спорттық шарасы – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы компаниялар тобына қарасты өндірістік мекемелер арасындағы республикалық сайыста сынасатын болады. «Кіл жүйрікте кім жүйрік?» демекші, әр өңірден озып шыққан спорт сүйер мұнайшылардың арасындағы ойындар тартысты да тартымды өтеріне еш күмән жоқ. Аумақтық деңгейде жеңіс тұғырынан көрінген әріптестерімізге Астанадан қанжығалы оралуына тілектестік білдіреміз. Келе жатырған мұнайшылар мерекесі құтты болсын!



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемал, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-452 212-462, 212-492
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілін, беттелді.
Индексі: 64265

"ATIS" ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 17 ш/а.
тел: 525500